

"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2020 - 2021 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы"
Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 шілдедегі № 46/01 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысының әкімдігінің 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 02/01 қаулысы.
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 14 қаңтарда № 6161 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 сәуірдегі № 199 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2018 – 2019, 2019 – 2020, 2020 – 2021 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қарағанды облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2020 жылғы 22 шілдедегі "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлаудың 2020 - 2021 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" № 46/01 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5961 болып тіркелген, 2020 жылғы 27 шілдеде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Ж. Қасымбек

Қарағанды облысы
әкімдігінің

2021 жылғы 8
қаңтардағы
№ 02/01
қаулысына қосымша
Қарағанды облысы әкімдігінің
2020 жылғы 22 шілдедегі
№ 46/01 қаулысына
1 қосымша

2020-2021 оқу жылына арналған жоғары білімді мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы (жергілікті бюджет есебінен)

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі – "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламасы тобының коды	Білім беру бағдарламалары тобының атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі	Оқу жылы ішінде 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге) ұлттық жоғары оқу орындарында/ басқа жоғары оқу орындарында
6B01 Педагогикалық ғылымдар				
6B012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	5	1010,9/901,0
6B013 Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау	B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	5	1010,9/901,0
6B014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	10	1010,9/901,0
6B015 Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	B009	Математика мұғалімдерін даярлау	5	1010,9/901,0
	B010	Физика мұғалімдерін даярлау	5	1010,9/901,0
6B016 Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	5	1010,9/901,0
	B017	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	5	1010,9/901,0

6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау	B018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	5	1010,9/901,0
6B019 Арнайы педагогика	B020	Арнайы педагогика	5	1010,9/901,0
		Жиыны	50	
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат				
6B031 Әлеуметтік ғылымдар	B041	Психология	5	1010,9/714,9
6B032 Журналистика және ақпарат	B042	Журналистика және репортер ісі	10	1010,9/714,9
		Жиыны	15	
6B04 Бизнес, басқару және құқық				
6B041 Бизнес және басқару	B045	Аудит және салық салу	5	1010,9/714,9
		Жиыны	5	
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар				
6 B 0 6 1 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	B057	Ақпараттық технологиялар	5	1010,9/1010,9
6B063 Ақпараттық қауіпсіздік	B058	Ақпараттық қауіпсіздік	5	1010,9/1010,9
		Жиыны	10	
6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары				
6B072 Өндірістік және өңдеу салалары	B071	Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру	5	1010,9/1010,9
	B271	Мұнай-газ ісі	5	1010,9/1010,9
		Жиыны	10	
		Барлығы	90	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК